

Қ. Жұмағұлов¹ , Е. Қартабаева² 

¹Тарих ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

²Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: erke_66@mail.ru
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ РӨЛІ

Ислам дінінің әлемдік дамудағы, соның ішінде, модернизациялық үдерістер тарихындағы орны мен рөлі аса бір өзекті мәселелердің қатарына жатады. Бұл ең алдымен, қазіргі таңда әлемде орын алып отырған жаһандану және интеграция үрдістерімен байланысты. Өйткені ислам өркениеті әлемдік дамудың балама жолдарын ұсынатын күштердің бірі болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан қоғамында жүріп жатқан рухани жаңғыру үдерісі де мәселені зерттеудің өзектілігін арттыра түседі. Ислам, әлемдік дін ретінде терең модернизациялық үдерістерді бірнеше рет бастан кешірді, қазіргі таңда да осындай үдерістер жүріп жатыр. Қазіргі таңдағы исламдағы модернизация үдерісін жақсы түсінуіміз үшін өткен тарихтағы осындай үдерістер тарихын зерттеудің, себеп-салдарлы байланыстарын анықтаудың маңызы зор. Мақалада XIX–XX ғасырлар межесінде орын алған жәдидшілдік қозғалыстың қазақ қоғамындағы өзіндік ерекшеліктері, оның ірі өкілдерінің қызметіне талдау жасалады. Сонымен бірге, мұсылман елдеріндегі діншілдіктің тұрақты болуының тарихи алғышарттарын анықтауға ұмтылыстар жасалған.

Мақала жазудағы басты мақсат – ислам дінінің қазақ халқының тарихи дамуындағы орны мен рөліне талдау жасай отырып, бұл діннің қазіргі таңдағы модернизациялық процестерге тигізіп отырған ықпалын анықтау болып табылады.

Түйін сөздер: ислам, модернизация, дәстүр, жәдидшілдік, реформа.

K. Zhumagulov¹, E. Kartabayeva²

¹Doctor of Historical Sciences, Professor, e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

²Candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: erke_66@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

The role of Islam in modernization processes in Kazakhstan

The place and role of Islam in world history, including in modernization processes, are among the most pressing problems. This is primarily due to the processes of globalization and integration taking place in the world, as Islamic civilization offers alternative ways of world development. In addition, the process of spiritual modernization carried out in Kazakhstani society also increases the relevance of the study of this problem. Islam, as a world religion, has repeatedly experienced deep modernization processes, and similar processes are currently taking place. At present, in order for us to well understand the process of modernization in Islam, it is important to study the history of such processes in the past, to determine their cause-effect relationships. The article discusses the features of the Jadidid movement in Kazakh society at the turn of the nineteenth and twentieth centuries, analyzes the activities of major representatives of this movement. At the same time, an attempt is made to identify the prerequisites for the stability of religious beliefs in Muslim countries.

The purpose of this article is to analyze the place and role of the Islamic religion in the history of the Kazakh people, to determine the influence of this religion on modern modernization processes.

Key words: Islam, modernization, traditions, Jadidism, reform, movement.

К. Жұмағұлов¹, Е. Қартабаева²

¹Доктор исторических наук, профессор, e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

²Кандидат исторических наук, доцент, e-mail: erke_66@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Роль ислама в модернизационных процессах в Казахстане

Место и роль ислама в мировой истории, в том числе, в модернизационных процессах, относятся к числу наиболее актуальных проблем. Это связано, прежде всего, с происходящими в мире процессами глобализации и интеграции, так как исламская цивилизация предлагает альтернативные пути мирового развития. Кроме того, процесс духовной модернизации, проводимый в казахстанском обществе, также повышает актуальность исследования данной проблемы. Ислам, как мировая религия, неоднократно пережил глубокие модернизационные процессы, и в настоящее время происходят подобные процессы. В настоящее время для того, чтобы мы хорошо понимали процесс модернизации в исламе, важно изучить историю таких процессов в прошлом, определить их причинно-следственные связи. В статье рассматриваются особенности джадидского движения в казахском обществе на рубеже XIX-XX века, анализируется деятельность крупных представителей этого движения. Вместе с тем делается попытка выявить предпосылки устойчивости религиозных представлений в мусульманских странах.

Цель написания статьи – на основе анализа места и роли исламской религии в истории казахского народа определить влияние этой религии на современные модернизационные процессы.

Ключевые слова: ислам, модернизация, традиции, джадидизм, реформа, движение.

Кіріспе

XXI ғасыр бүкіл әлем елдері үшін өзіндік түбегейлі өзгерістермен басталып отыр. Мыңжылдықтар және ғасырлардың ауысумен ерекшелініп отырған уақыттың өзі де мұндай өзгерістердің орын алуын қажет еткендей. Өзгерістер бүкіл жер шарын, барлық халықтарды, елдер мен мемлекеттерді, сол мемлекеттердің қоғамдық өмірінің барлық салаларын түгелдей қамтып отыр. Өзгерістер, әсіресе дін саласында ерекше көрініс табады. Дін саласындағы өзгерістердің сипатын анықтауда әлі де болса ғалымдар арасында бірауызды пікір жоқ. Питер Бергер бастаған бірқатар Батыс зерттеушілері бұл өзгерістердің мәнін сипаттай отырып, жаңа мыңжылдықтың басынан басталып отырған кезеңге десекуляризация немесе контресекуляризация кезеңі деген баға береді (Berger, 2016: 39). Бұл көзқарастың оппоненттері, керісінше, демократиялық жолмен дамып отырған қоғамдарда ультрасекуляризация кезеңі басталды деп тұжырымдайды. Оның мәні «діни және оған негізделген саяси универсумды өзімен бірге ала кеткен қандай да бір трансценденттілік туралы ұжымдық түсініктердің дағдарысы орын алып отырған секуляризацияның жаңа кезеңі» дегенге саяды (Schnapper, 2002: 117).

Бұл мәселеде, жоғарыда айтылған екі тұжырымдамадан бөлек, үшінші концепция да орын

алады, ол Юрген Хабермас және оны жақтаушылардың көзқарастары негізінде қалыптасқан «постсекулярлық кезең» туралы концепция (Қырлежев, 2004; Қырлежев 2013; Тернер, 2012; Узланер, 2013.). Концепцияның мәні қоғамдық дамудың кері кетпей, алға қарай дамуын, атап айтқанда секуляризациядан десекуляризацияға қайта оралу емес, алға қарай даму, секулярлықтан кейінгі кезеңге өту, бұл кезеңде секулярлықтан да, діншілдіктен де арылу орын алады. Бұл концепцияларға байланысты ой тұжырымдайтын болсақ, аталған концепциялардың алғашқысы мұсылман елдеріне қатысты, ал соңғылары дамыған Батыс қоғамдарының діни дамуына қатысты тұжырымдамалар деп қарастыруға болады.

Зерттеудің методологиялық негізі

Зерттеудің методологиялық негізі тарихилық және объективтілік ұстанымдары болып табылады. Тарихилық ұстанымы модернизациялық қозғалыстардың тарихи алғышарттарын анықтап, оның себеп-салдарлы байланыстарына, нәтижелеріне талдау жасауға, бұл нәтижелерге ықпал еткен факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Объективтілік ұстанымы қозғалыстың сипатын ашып, салдарлары мен нәтижелеріне баға беруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ғылымилық, нақты-салыстырмалы тал-

дау, тарихи-салыстырмалы талдау, мәселелік-хронологиялық әдістері қолданыс тапты.

Мұсылман елдеріндегі діншілдіктің алғышарттары

Мұсылман елдеріндегі діншілдіктің тұрақтылығын немен түсіндіруге болады? Біздің ойымызша, бұл жағдайдың бірқатар факторларын көрсетуге болады. Ең алдымен, мәселе ислам дінінің рухани-моральдық, саяси-әлеуметтік әлеуетінің қуаттылығында деп ойлаймыз. Ислам діні тек рухани саламен ғана шектелмей, қоғамдық өмірдің барлық салаларын реттейтіні белгілі, сондықтан да ол әрбір мұсылманның күнделікті өмірімен біте қайнасып кеткен. Сонымен бірге, ислам діні жеткілікті түрдегі иілгіштікпен ерекшеленеді, онда христиан дініндегідей ортодоксия және ересь деген қатып-семген түсініктер жоқ. Ислам дінінде, басынан бастап-ақ әр түрлі идеялық-философиялық бағыттар, құқықтық мектептер бейбіт қатар өмір сүріп келді. Оның үстіне, ортағасырлық христиан шіркеуіндей, ғылым-білімнің дамуына жол бермеген, еркін ойға шектеу қойған кертартпа діни мекеменің болмауы, Батыс Еуропадағыдай радикалды түрдегі реформациялық қозғалыстың жүруіне, оның салдары ретінде түбегейлі секуляризация процесінің орын алуына алып келмеді. Сонымен бірге, қазіргі таңда қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану мен вестернизация үдерісі де Шығыс елдерінің өз ұлттық бетбейнесін сақтап қалу жолындағы күресінде ислам дінін қорғаушы қалқан ретінде ұстануына итермелеп отыр.

Исламның өміршендігінің тағы бір себебін, мұсылман елдерінің барлығының дерлік жаңа дәуірден бастап Батыс елдерінің отары немесе жартылай отарына айналуымен байланыстыруға болды, осы уақыттан бастап, ислам отар елдердің метрополияға қарсы идеологиялық қаруы рөлін атқара бастады (Frank, 2001; Crews, 2006). Осы орайда, XIX ғасырдың ортасында қазақ қоғамында Ресей отаршылдығына қарсы қарулы бас көтерулердің нәтиже бермегендігі белгілі болған кезде, халықтың алдыңғы қатарлы көшбасшылары күрестің рухани жолдарын іздестіргендігі ойға оралады. Осы тарихи жағдайлар белгілі жазушы Қ. Жұмаділдің «Прометей алауы» атты романында жақсы суреттелген. Аягөз уезінің атақты бни Ақтайлақтың, сол кездегі қазақ қоғамының жағдайына дұрыс баға бере отырып, бірден-бір дұрыс шешімге келгендігі, яғни қазақ жерінің Ресей отарына

айналып қалуы жағдайында, енді тек халықтың ділін, рухын сақтап қалу қамын жеуден басқа амал қалмағандығына көзі жете отырып, осы мақсатпен, Түркістан жерінен сол кездегі халықтың діни элитасы болған қожалардың бір қауымын алдыртқандығы шынайы суреттелген (Жұмаділ, 2002). Дәл осы діни-рухани тәрбиенің жемісі – XIX-XX ғғ. межесіндегі қазақ қоғамдық ойындағы ірі серпіліс, атап айтқанда қоғамдық өмірді, соның ішінде әсіресе білім беру саласын жаңартуға ұмтылған жәдидшілдік қозғалысының өріс алуы, оның кейінірек тәуелсіздік жолындағы Алаш қозғалысына ұласуы болды. Жәдидшілдер де, Алаш көсемдері де өз рухани ұстанымдары бойынша нағыз мұсылмандар еді, олар Еуропа өркениетінің жетістіктерін мойындай отырып, сонымен бірге, оны мұсылмандық дүниетаным арқылы қабылдауға тырысты, олар исламның XX ғ. ғылыми ашылымдарына қайшы келмейтіндігін, керісінше бұл ашылымдарға ислам ғылымының негізінде қол жеткізілгендігін көрсетуге тырысты. Жәдидшілдік қозғалысының негізін қалаушы Исмаил Гаспралы «Мұсылмандық өркениет» атты мақаласында былай деп жазды: «Зерттеулер ислам өркениеттің негізінде тұрғандығын көрсетеді және Құранда бұл қатынаста көп айтылған. ...Мұсылмандар ғылымға, еңбекке барынша ден қойып, өркениет қалыптастырды, бұл өркениет көне өркениеттің толықтай құлауынан жана өркениеттің пайда болуына дейін әлемге жарық беріп тұрды және соңғының пайда болу көзі болды. Осылайша, мұсылмандар еуропалық ғылым мен білімге бөтен еместігіне көз жеткізіміз» (Гаспринский, 2010).

Ислам діні және XIX-XX ғғ. тоғысындағы қазақ қоғамындағы модернизациялық қозғалыс

Жәдидшілдік қозғалысының Қазақстандағы ірі өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлы болғаны белгілі. Ол халық арасында исламның дұрыс түсінігін насихаттауда көп еңбек сіңірді. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» атты діни-философиялық шығармаларында исламның өркениетке, ғылымға қайшы келмейтіндігі анағұрлым жоғары деңгейде негізделген (Құдайберді, 2007: 215-299). Аталмыш шығармалар автордың аса жоғары философиялық ізденістерін, батыс философтарының ең соңғы еңбектерімен таныстығын, Құранды терең білетіндігін көрсетеді. Өзінің негізгі міндетін Шәкәрім исламның негізгі қағидаларын жүйелеу,

оны мектептерде қазақ тілінде оқыту және өз бетінше оқып білу үшін түсінікті әрі ыңғайлы ету деп білді. «Мұсылмандық шарты» атты еңбегін жазу себебін Шәкәрімнің өзі былай түсіндіреді: «Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан есітіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек түгіл ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат турасын шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазаққа оқуға оңай болып, әрі оларға пайда әрі өзіме сауап болар ма екен деп, үміт еттім» (Құдайберді, 2007: 215). Кітаптың үлкен бөлігі шарифаттың негізгі қағидаларын түсіндіруге арналған. Шәкәрім, іс жүзінде Құранның негізгі мәтінін қазақ тіліне алғашқы аударушылардың бірі болды. Оған дейінгі мұсылман авторлары мұсылман дінтанушылары шығармаларынан үзік-үзік қана келтіріп отыратын болған, сондықтан қазақ оқырманының Құран туралы түсінігі өте бұлыңғыр, білімі өте таяз болды. Шәкәрім исламның негізгі қағидаларын түсіндіріп қана қоймайды, ол дүмше-молдалардың исламды дұрыс түсіндірмей отырғандығын айыптап, олардың надандығын сынға алды. Ол оқырмандарды өзінің артынан еруге, яғни шынайы имандылыққа ден қоюға шақырады, оның түсінігінде шынайы сенім, яғни имандылық әрбір адамның жеке күш салуы, амалдары арқылы, соның ішінде, ғылым-білімге ден қоюы арқылы іске асады. Кітапта, сондай-ақ, сол дәуірдегі еуропалық философиялық ойды сынға алуға ерекше орын берілген. Әсіресе, Огюст Конттың ойларын сынға ала отырып, ол логикалық әдістер мен рационалды ой негізінде исламды материализм мен атеизмнен қорғауға тырысады. Шынайы, көзі ашық мұсылман ретінде, Шәкәрім өз заманының көкейкесті, өзекті мәселелеріне Құраннан жауап іздейді және мұндай жауаптарды тауып, Құран аяттарымен оқырманның көзін жеткізе біледі.

Жәдидшілдіктің қазақ даласындағы келесі ірі өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің 1890 жылы «Дала уәләятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім алууды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі үстірт пікірлерді теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша

болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады» (Көпейұлы, 2008: 329).

Қазақ ойшылдары, сол дәуірдегі барлық мұсылмандық Шығыс ойшылдары тәрізді, исламның ғылымға қайшы келмейтіндігін дәлелдей отырып, сонымен бірге ислам, XX ғасырдың қайшылықты құбылыстары жағдайында, тұлғаның гуманистік негіздерін сақтайтындықтан, әлеуметтік маңызға да ие екендігін көрсетуге тырысты. XX ғасырдың ең озық әлеуметтік идеялары – социализм мен коммунизмді де, жәдидшілдер, тек исламның негізгі қағидаларының қайталануы немесе дамуы деп қарастырды. Мысалы, 1906 жылы жәдидшілдердің «Уақыт» газетінде жарияланған «Ислам және социализм» атты мақалада: «Біз, мұсылмандар өз сенімімізді ұстана отырып, социализмнің біздің ортамызға енуінен еш зиян көрмейтіндігімізді жақсы білеміз, өйткені, исламның негізі болып табылатын теңдік пен бауырмалдық, ар-ождан мен қайырымдылық социализмге де тән. Бұдан көретініміз, ислам негіздері социализм мен демократизм негіздерімен сәйкес келеді» (Асанова, 2013). Шарифат бойынша, байлар кедейлерге өз мүлкінің 2 %-ын, ал барлық мүлік иелері астықтың 10%-ын беруге міндетті болуы, байлар мен кедейлер арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік және экономикалық жағынан шарифатта дұрыс жолға қойылғандығын көрсетеді.

Осы кезде метрополияның діні – православиеге қарсы тұратын дін ретінде қарастырылған ислам дініне, ұлттық сананың қорғаушысы ретінде ерекше маңыз берілгендігі Алаш қозғалысы өкілдерінің шығармаларынан да көрініс табады. Мұны М. Дулатұлының мына бір өлең жолдарынан анық байқауға болады:

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың
(Дулатов, 1991: 153).

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев өзінің «Бес қымбат» деген жырында сол кездегі қазақ қоғамындағы иманның маңызын былайша сипаттайды:

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!
«Құдай кешірер!» – дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген
(Жұмабаев, 2005: 256).

Сонымен, XIX-XX ғғ. тоғысында қазақ қоғамында, халықтың санасында ислам діні терең тамыр жайып, ұлттық сананың идеялық негізіне айналды. Осы тұста XIX-XX ғғ. тоғысында қазақ халқының санасында серпіліс туғызып, оның ұлт-азаттық күресінің негізгі идеологиясына айналған ислам дінінің халқымыздың тарихындағы орны, оның тарихи қалыптасып, дамуындағы ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып кеткен жөн. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, түркі халықтары арасында VIII ғ. аяғынан тарала бастаған ислам діні, негізінен, ортодоксалды формада емес, сопылық түрінде таралды. Оның ерекшелігі – исламның қағидалары түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен синтезге түсе отырып, өзіндік бір синкретті, симбиоздық дін қалыптасты. Түркі халықтары, соның ішінде, әсіресе қазақтар ортодоксалды исламның кейбір қасаң қағидаларын қабылдамады, исламның сыртқы формасын, яғни шарттарын қатаң түрде ұстанбады, оның есесіне, исламның ішкі, рухани мәнін жақсы игерді, яғни исламды, ең алдымен имандылық деп түсінді. Бұл жағдай халықтың діннің идеологиялық, институционалдық шырмауынан азат болуына ықпал етті. Қазақстанға отаршылдықпен келген орыс үкіметі осы жағдайды зерттеп білгеннен кейін, халықтың арасына формальды, институционалдық исламды енгізуге күш салды, ондағы мақсаты – дінді идеология ретінде пайдалана отырып, халықтың санасын отарлау, өз уысында мықтап ұстау болатын. Сондықтан да қазақ даласына өз үстемдігін орната бастаған алғашқы кезеңде Ресей үкіметі қазақ даласында мешіт-медреселерді көптеп салуға күш салды. Далалық генерал-губернаторға жазылған бір хатта былай деп көрсетілді: «Біздің далада үстемдік етуіміздің бастапқы кезеңінде саяси мүдделер олардың сеніміне қол сұқпауымызды талап етті. Бұл себеп, өз жағымызға хандарды, сұлтандарды, жалпы даланың ықпалды адамдарын тартумен бірге, бастапқы кезде исламға толық төзімділік көрсетіп қана қоймай, тіпті қамқорлық көрсетуімізге алып келді» (Асанова, 2013).

Осы мақсатты көздей отырып, Екатерина II тұсында Орынбор, Верхнеуральск, Троицк, Петропавловск бекіністеріндегі әскери шептердің бойында және тікелей қазақ билеушілерінің ордаларында уақытша және тұрақты мешіттер салына бастаған болатын. II Екатерина 1788 жылғы 22 қыркүйек Жарлығымен Ресейде ислам дінін заңдастырды (Садвокасова, 2005: 147). Далаға молдалар ағылып келе бастады. Әсіресе Бөкей ордасында Жәңгір хан тұсында Қазан молдалары өте көп болды. Бұл жағдай XIX ғасырдың аяғына дейін жалғасты. Осы уақытқа қарай қазақтар арасынан отарлық аппараттың айтарлықтай көпсанды және білікті шенеуніктер отряды қалыптасқан болатын, қазақ қоғамының ең жоғарғы топтарының үлкен бөлігі Ресей үкіметіне адал қызмет ете бастады. Енді Ресей, қазақ даласында өз билігін нығайтуда ешқандай идеологиялық бұркеншекті қажет етпеді.

Осы жағдайларға байланысты XX ғасырдың басынан бастап исламға қамқорлық көрсету Ресей мүддесіне барынша қайшы келе бастады. Ендігі жерде Ресей мұсылман дінбасыларын қудалауға, діни мекемелердің ашылуына шек қоюға, жалпы өлкедегі исламдану үдерісіне қатаң түрдегі бақылау орнату саясатына көшті. Мысалы, мешіттердің жанынан ашылған мектептерді орыс шенеуніктері өз бақылауында ұстады, ондағы ұстаздарды да орыс шенеуніктері таңдады. Бұған қоса, мұсылман мектептерінің ұстаздарына қатысты мынадай ережелер қатаң түрде басшылыққа алынуға тиіс болды: молдалар, әкімшілік ұсынған талапкерлер арасынан сайлануға тиіс. Олар міндетті түрде орыс училищесінде үшсыныптық курс бітіруге тиіс. Қала молдаларына қазақ ауылдарына баруға, Түркістан, Бұхара, Меккеге баруға тыйым салынды. Түркістан генерал-губернаторы С. Духовский 1899 жылдың 26 қазанында императорға жазған баяндама хатында, «...ислам біздің дінімізге ғана емес, бүкіл біздің мәдениетімізге қарсы дұшпандық кодекс» – деп көрсетті (Сабитов, 1950: 42). Томск және Семей епископының генерал-губернаторға 1893 жылдың 7 қаңтарында жазған хаты бұл пиғылды одан да айқын көрсетеді, бұл хатта ол Қазақстанда ислам дінін насихаттауға тыйым салынуын, оның орнына православиені кеңінен уағыздауды қатты өтініп сұрайды. Осыған байланысты ол, жаңа мешіттер мен мектептердің ашылуына жол бермеу, бар мектептерді орыс мектептері мен шіркеулерімен ығыстырып шығару жөнінде кеңес береді (ЦГА РК: Лл. 1-7), яғни бір сөзбен айтқанда, қазақ

халқын орыстандыру және шоқындыру туралы сөз болып тұрғаны айқын.

Алайда, орыс үкіметі тарапынан орын алған осындай шектеулерге қарамастан, Қазақстанда діни өмір айтарлықтай жандана түсті. Өйткені ислам, жоғарыда айтып кеткеніміздей, орыстандыру саясатына идеялық қарсы тұрудың өзіндік ұранына айналған болатын. Бір ғана Омбының өзінде 1910 жылы 500-ден аса қазақ Меккеге қажылыққа баруға арнайы рұқсат қағазын алған. Құранды басып шығару жаппай сипатқа ие болды. Қазақ байларының қаражатына мектептер мен медреселер көптеп салынып жатты. Н. Сабитовтың жұмысында көрсетілген статистикалық мәліметтерге сенсек, 1895 жылы Жетісу өлкесінде 64 мектеп пен медресе болып, онда 1 251 адам оқыған, ал 1897 жылы 88 мектепте 12 835 оқушы оқыған. Сыр-Дария облысында 1892 жылы 1487 мектеп пен 35 медресе, ал 1895 жылы – 2 409 мектеп, 37 медресе, оларда 28 898 оқушы оқыған. Торғай облысында 1894 жылы 59 мектеп пен медреседе 457 оқушы оқыған болса, 1911 жылы – 103 мектеп пен медреседе 1400 оқушы оқыған. Ақмола облысында 1896 жылы 13 мектеп пен медреседе 547 оқушы, ал 1907 жылы 15 мектеп пен медреседе 970 оқушы оқыған (Сабитов, 1950: 42). XX ғасырдың басында қазақ даласындағы мектеп-медреселердің дені оқытудың жаңа әдісін қолданды. 1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет еткен. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулұәлиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алды (Садвокасова, 2005: 311).

Жергілікті оқу орындарынан бөлек, қазақ жастары мұсылман білімінің орталықтары болып табылатын Еділ бойы және Орта Азия оқу орындарынан білім алып отырды. Батыс және Солтүстік қазақтарының арасында Қазандағы Мұхамедия, Уфадағы Ғалия, Орынбордағы Хусайния медреселері ықпалды болды. Ал Оңтүстік қазақтарының арасында атақты Бұхара медресесі аса жоғары беделге ие болды.

Ислам дінінің қазіргі модернизациялық процестердегі рөлі

Сонымен, ислам діні қазақ халқының тарихында, әсіресе оның бетбұрысты кезеңдерінде

маңызды рөл атқарып, ұлтымыздың салт-санасын айқындап, болашағына бағыт-бағдар берген идеологиялық қару рөлін атқарып келген екен. Қазіргі таңда да, халқымыз сондай маңызды, бетбұрысты кезеңді бастан кешіріп отыр. 300 жыл Ресейдің отарында болған еліміз, өз тәуелсіздігін жариялап, егеменді ел ретінде етек-жеңін жиып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу бағытында алғашқы қадамдарын жасап жатқаны белгілі. Дәл осы түбегейлі бетбұрысты кезеңде ислам дінінің қоғамдағы атқарар рөлі, көтерер салмағы қандай болмақ?

Жалпы, қазіргі таңда ислам діні төңірегіндегі жағдай біздің еліміз ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған, күрмеуі қиын, түйіткілді мәселеге айналып отыр. Әлем елдерінің тыныштығын кетіріп отырған ең басты мәселелер, негізінен, ислам дінімен байланысты орын алуда. Терроризм, экстремизм, радикализм, фанатизм сөздері ислам дінімен байланысты тұрақты тіркестерге айналғалы қашан. Атауының өзі бүкіл адамзатқа бейбітшілік тілеуді («ислам» сөзі араб тілінен «бейбітшілік болсын» деген мағына береді) білдіретін, ғасырлар бойы бейбітшілік діні болып келген исламның, қазіргі таңда нағыз соғысқұмар, төзімсіз дінге айналып кетуі қалай? Бұл сұрақ қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығының, қарапайым адамдардан бастап, саясаткерлер, сондай-ақ ғалымдар арасында да қызу талқыланып отырған, аса күрделі мәселе болып табылады. Әсіресе ғалымдар арасында аталмыш мәселе төңірегінде көптеген ізденістер жасалып, дүркін-дүркін дөңгелек үстелдер, пікір-таластар өткізілуде (Круглый стол, 2017: 265-300; Саатов, 2012: 55-58). Бұл ізденістер мен дөңгелек үстелдердің қорытындыларына талдау жасағанда, исламтанушы ғалымдардың көпшілігі исламдағы күннен-күнге көбейіп жатқан жаңа бағыттардың орын алуын (соның ішінде, әсіресе, салафизм бағытының исламның алтын ғасыры болған ерте ислам қағидаларын берік ұстану арқылы кезіндегі Халифат сияқты мықты, гүлденген мемлекет құруға ұмтылуы) өзіндік бір реформациялық қозғалыс, яғни исламды модернизациялау арқылы мұсылман елдерінің артта қалушылығын жойып, алдыңғы қатарлы, дамыған елдер қатарына қосылу ниетінен туындап отырған ізденістері деген ортақ пікірге келетіндігіне көз жеткіземіз.

Сонымен бірге, саясаттанушы ғалымдардың бірқатары бұл жағдайды табиғи ресурстарға бай Таяу Шығыстың мұсылман елдерін, исламда жаңа бағыттар ойлап табу негізінде бөлшектеу

арқылы уысында ұстап отыруға бағытталған («бөлшекте де билей бер» қағидасы) Батыстың «жаңа отаршылдық (неоколониализм)» саясатының салдары деп қарастырады.

Қалай болғанда да, Таяу Шығыстың мұсылман елдерінде болып жатқан бұл келеңсіз жағдайлар Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Қазақстанға да өз әсерін тигізуде. Осы орайда, Қазақстан қоғамындағы ислам дінінің қазіргі таңдағы жағдайына қысқаша талдау жасап көрейік. Қылышынан қан тамған жауынгерлік атеизм саясатымен бірге Кеңес мемлекеті құрдымға кетіп, дәстүрлі дінімізді қайтарып алғанымызға 30 жылдай уақыт өткеніне қарамастан, 70 жыл дінсіз болған кезеңнің зардаптары қоғамымызға әлі күнге дейін өз зиянын тигізіп отыр. Діни сауатсыздығымыздың орнын толтыру үшін мұсылман орталықтарынан алған біліміміз, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы мемлекетіміз ұстанған дін саласындағы либералдық саясатты пайдаланып, ислам орталықтарынан әр түрлі бағыттардың еніп кетуі халқымыз ғасырлар бойы ұстанып келген ханафиттік ислам дәстүрлеріне жат қағидалардың халықтың санасына сынама-лап енуіне алып келді. Қазіргі таңда Таяу Шығыс елдеріндегі ислам бағыттарының бәрі Қазақстанда бар десек артық айтпаймыз. Бұл өте қауіпті жағдай, өйткені ол онсыз да аз халқымызды сан топтарға бөліп, бөлшектенуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осы қауіпті кеш болса да түсінген билік, соңғы уақытта діндегі деструктивті топтармен күрестің әр түрлі жолдарын қарастырып, бұл жұмысты қолға ала бастағаны қуантады. Ең алдымен, 2017-2020 жж. арналған дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы қабылданып, онда деструктивті діни ағымдармен күрестің нақты жолдары көрсетілді. Осы тұжырымдамада көрсетілген міндеттерді шешу бағытында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды, атап айтқанда, 2017 ж. қалалық әкімшіліктер жанынан Дін істері басқармасы құрылып, деструктивті ағымдармен күресті жүйелі түрде жүргізуге бел шешіп кірісті. Мысалы, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы дін істері жөніндегі басқарманың бастамасымен 2016 ж. құрылған «Шаңырақ» атты діни кеңес беру, алдын алу және оңалту орталығы (басшысы – тарих ғылымдарының кандидаты Мадияров Мирхат) деструктивті ағымдармен күресті жүйелі түрде жолға қойып отыр. Орталық халық арасында діни сауат ашу дәрістерін ұйымдастырумен бірге, деструктивті ағым өкілдерімен жеке жұмыс жүргізу жолда-

рын да қолға алып, теріс ағымға кіріп кеткен жастардың бірқатарының райынан қайтуына ықпал еткен (Жат ағымдар торына кімдер түседі? Интернет-ресурс).

Сонымен бірге, 2017 ж. ашылған Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институтының ашылуы да маңызды қадам болды. Осы бағытта жүріп жатқан нақты іс-шаралардың қатарында, 2019 жылдың қарашасында Алматы қаласының дін істері жөніндегі басқармасы ұйымдастыруымен, Алматы қаласы мешіттерінің имамдары мен наиб-имамдары арасындағы қазақ халқының тарихы мен дәстүрлері бойынша өткізілген «Елтаным» байқауын ерекше атап өтуге болады.

Аталмыш бағыттағы жұмыста халық арасында исламның дұрыс түсінігін насихаттаумен айналысып жүрген жекелеген тұлғалардың қызметі де аса маңызды болып табылады. Солардың қатарында, теологтар мен дінтанушылар – Қ. Жолдыбай, Ә. Сманов, А. Қуанышбаевтармен бірге ислам дінін Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сынды ғұламалардың көзқарастары негізінде насихаттаумен айналысып жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Омар Жалелдің қызметі ерекше назар аудартады. Ол өзінің еңбектерінде, сұхбаттары мен семинар-тренингтерінде қазіргі қоғамымызда орын алып отырған көкейкесті мәселелерді, соның ішінде, отбасын сақтау, бала тәрбиесі, халықтың дәстүрлі құндылықтарын қалпына келтіру (тектілік мәселесі, жақсы мен жаман ұғымдары және т.б.) мәселелерін көтеріп, бұл мәселелерді ислами құндылықтар, яғни имандылық тәрбиесі негізінде шешуді ұсынады. Алайда, ол дінді ұстанудағы шектеулі, тар көзқарастардан бас тартып, дінді Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіптер деңгейінде, дін мен ғылымды ұштастыра түсінуге шақырады.

Қорытынды

Сонымен, мақалада қарастырылған мәселелерге қысқаша қорытынды жасайтын болсақ, біріншіден, қазіргі таңда ислам дінінде орын алып жатқан кереғар жағдайлар ислам елдерінің модернизация жасауға деген ұмтылыстарының көрінісі деген Ресейдің исламтанушы ғалымдарының көзқарасымен келісеміз.

Сонымен бірге, мақалада ислам дінінің өміршеңдігінің бірқатар тарихи-объективті себептері көрсетілді, атап айтқанда: 1) ислам дінінің рухани-моральдық, саяси-әлеуметтік әлеуетінің әлі де қуаттылығы; 2)

ислам дінінің жеткілікті түрдегі иілгіштікпен ерекшеленуі, бұл дінде христиан дініндегідей ортодоксия және ересь деген қатып-семген түсініктердің жоқтығы; 3) ортағасырлық христиан шіркеуіндей, ғылым-білімнің дамуына жол бермеген, еркін ойға шектеу қойған кертартпа діни мекеменің болмауы, мұның өзі Батыс Еуропадағыдай радикалды түрдегі реформациялық қозғалыстың жүруіне, ал оның салдары ретінде түбегейлі секуляризация процесінің орын алуына алып келмеді; 4) жаңа дәуірден бастап Батыс елдерінің отары немесе жартылай отарына айналған мұсылман елдерінің исламды отар елдердің метрополияға қарсы идеологиялық қаруы ретінде пайдалануы;

5) қазіргі таңда қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану мен вестернизация жағдайында Шығыс елдерінің өз ұлттық бет-бейнесін сақтап қалу жолында ислам дінін қорғаушы қалқан ретінде ұстануы. Мақалада, сондай-ақ XIX-XX ғғ. тоғысындағы модернизациялық қозғалыстардағы исламның орны талданып, халқымыздың тарихындағы ислам дінінің атқарған позитивті рөлі анықталды. Сонымен бірге қазіргі Қазақстан қоғамындағы рухани жаңғыру процесіндегі ислам дінінің орны мен рөлі қарастырылып, исламның дұрыс түсінігін қалыптастыруда және оны халыққа насихаттауда атқарылып жатқан іс-шаралардың маңыздылығы анықталды.

Әдебиеттер

- Berger, Peter L. (2016). «The good of religious pluralism: Peter L. Berger outlines four benefits of pluralism». *First Things: A Monthly Journal of Religion and Public Life*. 262 p.
- Schnapper D. (2002). *La démocratie providentielle. Essai sur l'égalité contemporaine*. Paris: Gallimard, 336 p.
- Кырлежев А. Постсекулярная эпоха. *Континент*. 2004. № 120. URL: magazines.russ.ru/continent/2004/120/kyr16.html/;
- Кырлежев А. Секуляризм и постсекуляризм в России и в мире. *Отечественные записки*. 2013. № 1. URL: www.strana-oz.ru/2013/1/sekulyarizm-i-postsekulyarizm-v-rossii-i-v-mire/;
- Тернер Б. Религия в постсекулярном обществе. Б. Тернер. *Государство, религия, церковь*. 2012. № 2. С. 21–51; Узланер Д. Картография постсекулярного / *Отечественные записки*. 2013. № 1. URL: www.strana-oz.ru/2013/1/kartografiyapostsekulyarnogo/ (қаралған күні: 10.01.2020)
- Frank, A. (2001) *Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District & the Kazakh Inner Horde, 1780–1910*. Leiden: Brill. 351 p.
- Crews, R. (2006) *For Prophet and Tsar: Islam and Empire in Russia and Central Asia*. Harvard University Press. 463 p.
- Жұмаділ Қ. (2002). Прометей алауы. Роман және әңгімелер. Алматы: «Атамұра». 352 б.
- Гаспринский И. (2010). Мусульманская цивилизация // Газета «Переводчик-ерджиман». 1884 г. – 17 июня, № 22. <https://islam.in.ua/ru/islamovedenie/musulmanskaya-civilizaciya> (қаралған күні: 14.01.2020)
- Құдайберді Ш. (2007). Шығармалары. II том. – Алматы. – 624 б.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2008). Баянауылдан / Шығармалары. 13 том. Павлодар: «Эко» ҒӨФ. 385 б.
- Асанова С.А. (2013). Ислам в духовной культуре Казахстана начала XX века. 23 Августа 2013 3848 0 https://e-history.kz/ru/contents/view/islam_v_duhovnoi_kulture_kazahstana_nachala_hh_veka__904 (қаралған күні: 14.01.2020)
- Дулатов М. (1991). Шығармалар жинағы. Алматы. 153 б.
- ЦГА РК. Ф. 64. Оп 1. Д. 3155. Лл. 1-7
- Садвокасова З.Т. (2005). Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II пол. XIX – нач. XX вв.). Алматы. 277 с.
- Сабитов Н. (1950). Мектебы и медресе у казахов. Алма-Ата. 342 с.
- Круглый стол. (2017). «Что происходит в современном исламском мире: попытка концептуализации» (Ирина Стародубровская, Орхан Джемаль, Эмиль Паин, Василий Кузнецов, Дмитрий Узланер, Ахмет Ярлыкапов) // *Государств. Религия. Церковь в России и за рубежом*. Москва. № 3 (35) С. 265-300; Саатов И. Модернизация, реформа, секуляризм и ислам: дискуссия о терминах. *Минбар*. 1(8)/2012. – С. 55-58.
- Жат ағымдар торына кімдер түседі? Шаңырақ орталығының жетекшісі М. Мадиярөвпен сұхбат. <http://www.matritca.kz/news/48901-zhat-aymdar-toryna-kmder-tsed.html> (15.01.2020)

References

- Berger, Peter L. (2016). «The good of religious pluralism: Peter L. Berger outlines four benefits of pluralism». *First Things: A Monthly Journal of Religion and Public Life*. 262 p.
- Schnapper D. (2002). *La démocratie providentielle. Essai sur l'égalité contemporaine*. Paris: Gallimard. 336 p.
- Kyrlezhev A. Postsekuljarnaja epoha (Postsecular era). *Kontinent*. 2004. № 120. URL: magazines.russ.ru/continent/2004/120/kyr16.html/; Kyrlezhev A. Sekuljarizm I postsekuljarizm v Rossii I v mire. A.Kyrlezhev (Secularism and post-secularism in Russia and in the world). *Oteshestvennye zapiski*. 2013. № 1. URL: www.strana-oz.ru/2013/1/sekulyarizm-i-postsekulyarizm-v-rossii-i-v-mire/;
- Terner B. Religija v postsekuljarnom obshestve. B. Terner. *Gosudarstvo, religija, cerkov*. 2012. № 2. С. 21–51; Uzlaner D.

Kartografja postsekuljarnogo. D. Uzlaner. Oteshestvennye zapiski. 2013. № 1. URL: www.strana-oz.ru/2013/1/kartografiyapost-sekulyarnogo/ (10.01.2020)

Frank, A. (2001) *Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District & the Kazakh Inner Horde, 1780–1910*. Leiden: Brill. 351 p.

Crews, R. (2006) *For Prophet and Tsar: Islam and Empire in Russia and Central Asia*. Harvard University Press. . 463 p.

Zhumadil Q. (2002). *Prometey alauy (Prometheus Flame)*. – Almaty: «Atamura». 352 p.

Gasprinsky I. (2010). *Muslim civilization*. Newspaper “Translator-Terjiman.” 1884 – June 17, № 22. <https://islam.in.ua/ru/islamovedenie/musulmanskaya-civilizaciya> (14.01.2020)

Kudaiberdy Sh. (2007). *Shygarmalary (Artworks)*. Tom II. – Almaty. – 624 p.

Zhumabayev M. (2005). *Zhan sozi: Olender men dastandar (The word of the soul: poems and poems)*. – Almaty: Raritet. – 256p.

Mashhur Zhusyp Kopeiuly (2008). *Bajanauyldan / Shygarmalary (From Bayanaul/Artworks)*. Tom 13. – Pawlodar: «Eko». – 385 p.

Asanova S.A. (2013). *Islam v duhovnoi culture Kazahstana nashala XX veka (Islam in the spiritual culture of Kazakhstan at the beginning of the twentieth century)*. August 23, 2013. 3848 0 https://e-history.kz/ru/contents/view/islam_v_duhovnoi_kulture_kazahstana_nachala_hh_veka_904 (14.01.2020)

Dulatov M. *Shygarmalar zhinagy (Collection of works) 1991*. – 153 p.

Central State Archive. Fund. 64. Inventory 1. D. 3155. sh. 1-7

Sadvakasova Z.T. (2005). *The spiritual expansion of tsarism in Kazakhstan in the field of education and religion (II half of XIX – beginning of XX centuries)*. – Almaty. – 277 p.

Sabitov N. (1950). *Mekteby i medrese u kazakhov (Mektebahs and madrassas among Kazakhs)*. – Alma-Ata. – 342 p.

Krugly stol (2017). «Chto proishodit v sovremennom islamskom mire: popytka konceptualizacii» Round table: “What is happening in the modern Islamic world: an attempt to conceptualize”. (Irina Starodubrovskaya, Orhan Cemal, Emil Pain, Vasily Kuznetsov, Dmitry Uzlaner, Akhmet Yarlykapov). *Gosudarstvo, religia, cerkov*. – Moscow. – № 3 (35) – P. 265-300; Saetov I. *Modernzaciya, reforma, sekuljarizm I islam: diskussia o terminah*. *Minbar*. 1(8)/2012. – P. 55-58.

Zhat agymdar toryna kimder tusedi? (Who gets into the cage?) Head of Shanyraq Center Interview with Madiyarov. <http://www.matritca.kz/news/48901-zhat-aymdar-toryna-kmdr-tsed.html> (15.01.2020)